

№4 (99) 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ТАҒЫЛЫМ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз
ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл



**Тасқала ауданының Шежін МББК
желілік қауымдастығының іскер ұстаздары
Батыс Қазақстан облысы**

САЛИМА ИГИЛИКОВА,
№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
Шымкент қаласы

ТАБИҒАТЫМ ТАМАША

Мақсаты:

- Балалардың көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту, көктем мезгілінің ерекшелігін ажырата біліп, көргендері мен байқағандарын дұрыс баяндауға, тапсрмаларды зейінмен тыңдап сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.
- Балалардың сөздік қорын байыту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
- Балаларды белсенділікке, ұйымшыл болуға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Табиғаттағы жанды, жансыз тіршілік иелерімен таныстыру және ажырата білуге үйрету.

Міндеті:

- балалардың бір-біріне деген жағымды қарым-қатынасын орнату.
- Топпен жұмыс істеуге, ұғымталдыққа әдептілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: таратпа құралдары,

Алдын-ала жұмыстар: Көктем туралы әңгімелеу, тақпақтар айту.

Билингвалдық компоненттер: табиғат-природа,

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдасты-рушы қозғаушы қызмет түрі	Шаттық шеңбері: -сәлеметсіздер ме! -Здрастуйте! Армысын сұлу күн, Армысың көк аспан, Армысың жер ана, Армысын достарым, Армысың менің балабақшам Армысыздар қонақтар.	Балалар шатық шеңберін айтады.
Ұйымдастыру - ізденушілік	Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырсам табасыңдар ма? «Жұмбақ» Қар су еріп, сай салаға толады,	Балалар: Көктем мезгілі

	Жер көгеріп, бүршік атып, Жайлау малға толады. Бөбектерім айтындаршы, Бұл қай кезде болады? Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Тәрбиеші: Осы көктем мезгілі туралы, табиғатымыз жайлы кеңінен тоқталамыз. Тәрбиеші: Ал, көктем мезгілі туралы кім өлең шумақ біледі? Жарайсын Тәрбиеші: балалар енді осы еліміз жеріміз туралы кім Мақал - мәтел біледі? Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар көктем мезгілінің ерекшеліктері өте керемет. Көктем мезгілінде неше ай бар? ... Ал, айларды маған кім атап береді? ... Ғажайып сәт; Орамал астында (глобус пен табиғат шамы)жасырулы тұрады. Кенеттен олар қыймылдайды. Музыканың көмегімен ғажайып сәт ашылады.  Тәрбиеші: Ой, балалар бұл не екен? Тәрбиеші: Балалар ия бұл домалақ шар тәрізді біздің жеріміз, жер деген домалақ болады. Біз бұл затты глобус дейміз. Бұл жеріміздің түсі өзгеріп кетіпті ия, ластанып кір болып кетіпті. Жер: Достар, балалар мен өте қатты ластанып кеттім, сендер табиғатқа, жерлеріңе камкор болындар, адамдардың барлығы жерге қоқыс тастай береді, содан мен өте қатты ластанып кеттім, жерлеріңді корғандар. Тәрбиеші: Балалар жер өте окпелі, жерге көмектесеміз ия балалар. Экраннан көру. . « Табиғат»ертегісі. Тәрбиеші: Балалар, ал енді келесі экраннан көретініміз мүқият қарайық. «Табиғаттағы ерекшеліктер» Тәрбиеші: Балалар мұнда не туралы айтты. Балалар табиғат тірі және өлі табиғат болып екіге бөлінеді екен ия. Тірі табиғатқа нелер жататынын сендер білесіңдер ма? 1 тапсырманы Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап» қарап ажырат. Балалар қол шамдары арқылы ажыратады. 2 тапсырма Көктемгі ағашты таны. Д\О -Балалар көмектесуге дайынбыз ба? Сергіту сәті: Ветер дуэт нам в лицо Закачалось дерево Ветер ниже ниже ниже А дерево все выше выше выше Тәрбиеші: Балалар жарайсындар серігіп алдық. Енді үш топқа бөлініп табиғатқа барып шығармашылығымызды шыңдайық, сол кезде бәлкім біздің келесі орамал астында жасырынып тұрған ғажайып затымыз тосыннан біздің жұмысымыз қатты ұнап, ашылып қалар бәлкім. Шығармашылыққа бару. 1-топ: Ермексазбен тасбақа жасау желім қаппақ арқылы	Таңдана тыңдайды. Балалар: Қар еріп, жаңбыр жауып, ағаштар бүршік атып, көк шығып, гүлдер өседі. (Алақай, деп қолдарын көтереді) Аяаулым: Табиғат біздің анамыз, Жер Ана біздің панамыз Таза болса табиғат Бізде аман боламыз 1 бала Туған жердей, жер болмас Туған елдей ел болмас. 2 бала үш ай бар. 3 бала Наурыз, Сәуір, Мамыр. ... Орыс тілінде де айтады. Фердауыс; тәрбиеші мен де, достарыма жұмбақ жасырсам болама? «Жұмбақ» Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды. Көкте бір зат ашылды. Бұл не екен достарым? Балғынбек: Күн күледі Жер түледі Бұл қай мезгіл?Көктем Балалар тамашалайды. -Мүқият қарайды. ! -Балалар мүқият тыңдайды. -Ия дайынбыз. Балалар мүқият қарайды. -балалар қуанады. Тірі табиғат және өлі табиғатты айтты. -балалар зейінмен тыңдап орналастырады. Балалар мүқият тыңдайды. Балалар іс қимылмен айтып сергіту сәтін жасайды. Балалар қуана барады.
--	--	--

	2-топ. Кемпір қосақ салу, қыстырғышқа мақтаны қыстырып сызық үстімен бояп шығу. 3-топ. Тәжірибе алаңында көктемгі табиғаттың оянуын бақылау.	-балалар үлгі суретке қарап жұмыс жасайды.
Жетекші - жөндеуші	-Бүгін бізге қонаққа не келді? Тақырыпқа сай сұрақтар қоя отырып Ұ. О. Қ. қорытындылаймын.	-Балалар сұраққа толық жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Көктем мезгілінің ерекшелігі туралы біледі.

Қалыптасқан түсініктер: тапсырмаларды дербес орындап, өз ойларын еркін жеткізеді.

Орындаушылық қабілеті: Көмекке келуге әрдайым дайын. Шығармашылыққа сүйсіне қатысады.